

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

---

---

## ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

## BULLETIN

OF THE EURASIAN  
HUMANITIES  
INSTITUTE

№2/2024

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD)

#### Редакция алқасы

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

**Редакцияның мекенжайы:** 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.  
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Басуға 19.06.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.  
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89  
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова  
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова

#### Редакционная коллегия

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабекулы Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

**Адрес редакции:** 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.  
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».  
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Подписано в печать 19.06.2024ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типогр.  
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89  
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

#### Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkeпова К.К.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryszhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

**Editorial address:** 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

**Tel/Fax:** (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 19.06.2024 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

---

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ALIASKAR A.	Challenges of bilingualism: code-switching and language dominance .....	7
АМИРОВА Г.О., БОРАНБАЕВ С.Р.	«Эз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішіндегі қабыса байланысқан есімді тіркестер.....	16
ӘДІЛОВ М.Е.	Қазақ тіліндегі кейбір ақша атауларының түп-төркіні мен бастапқы мағынасы .....	25
KURMANBEKOVA Z.R., ONER M.	Linguistic features of communication and texting in social networks .....	37
МАМЫРБЕК Г., МАЛБАҚОВ М., СЕЙІТБЕКОВА А.	В. Радлов сөздігіндегі байырғы сөздердің семантикалық ерекшеліктері .....	49
НҮРДӘУЛЕТОВА Б.И.	Маңғыстау топоареалындағы діни топонимдер .....	59
YANG. L., SHARIPOVA G.S., OMIRBEKOVA Zh.K.	Recreation of ethnocultural vocabulary in S. Maugham’s work «The moon and sixpence» .....	69

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБИЛДАЕВА А.Д., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., МИРЗАХМЕТОВ А.А.	Бинарлық оппозицияның актанттық көрінісі.....	80
АЛИМБАЕВ А.Е. ОСЕРОВ Б.М.	Қожа Ахмет Ясауи және Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы ізгіліктің жырлануы .....	90
ДОСМАҒАНБЕТОВА Г.Ж., БЕЙСЕНОВА Ж.С.	Описательные стратегии в травелогах Ади Шарипова .....	98
ЖАЛЕЛОВ Д.С., ӘЛТАЙ А.Д.	Доспамбет жырау толғауларындағы экзистенциялық мән .....	109
КАЗНҰТАУ В.К., ОРАЗБЕК М.С.	Оxymoronic interpretation of the postcolonial personality .....	119
KENZHEKOZHAYEVA A., МАМБЕТОВ ЗН.О.	The image of kozhanasyr in folklore of world literature.....	127
ҚАБЫЛОВ Ә.Д., БҮРКІТБАЕВА А.С.	Ә. Кекілбаев әңгімелеріндегі образ табиғаты.....	135

ПІРӘЛІ Г.Ж., ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б.	Нәзипа Құлжанова мен Мұхтар Әуезовтің Абайтану ғылымын қалыптастырудағы рөлі.....	148
ТУЛЕБАЕВА Қ.Т.	Абай қарасөздеріндегі білім-ғылым концептісін тезаурустық талдау .....	160
ТУЛЕУОВА Р.Г., САРБАСОВ Б.С.	«Оғыз-наме» кітаби эпосының фольклорлық сипаты .....	169
ТУСИПОВА Г.Б. СОЛТАНАЕВА Е.М.	Тұрағұл Абайұлының көркем аудармадағы ұстанымы ....	181

#### ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

ДОСАНОВА А.М., ЖҰМАТАЕВА З.Н., АШИРХАНОВА Қ.М.	Білім беру үдерісіне жасанды интеллектіні кіріктіру: тілдерді оқыту .....	191
ИБРАЙМОВА Л.А., РЫСҚҰЛБЕК Д.Ж., ЕРТАЕВА П.Қ.	Бала тілінің лексикалық нормадан ауытқу динамикасын зерттеу: әлеуметтік лингвистикалық талдау .....	202
ОРАЗ А.Н., МАЛИКОВ Қ.Т., ХАЛИКОВА Н.С.	Мнемотехника қазақ тілін үйретуде лексикалық дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде .....	211

Р.Г. ТУЛЕУОВА<sup>1</sup>



Б.С. САРБАСОВ<sup>2</sup>



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан<sup>1,2</sup>  
(e-mail: [tuleuova-2024@mail.ru](mailto:tuleuova-2024@mail.ru)<sup>1</sup>, [Sarbasov.bolathan@mail.ru](mailto:Sarbasov.bolathan@mail.ru)<sup>2</sup>)

## «ОҒЫЗ-НАМЕ» КІТАБИ ЭПОСЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ СИПАТЫ

**Аңдатпа.** Көне замандарда төл топырағымызда жасалып, сақталып келе жатқан мұралар аз емес. Мұндай туындылар белгілі бір дәрежеде жүйеге келтірілген, зерттелген, әлі де зерттеле беретін бағалы мұралар екендігі талассыз.

Көне туындылардың қай-қайсысының да суреттеу тәсілдерінде эпос дәстүрінің көрініс беріп отыруы таңданыс тудырмаса керек. Жазба әдебиет пен халық шығармашылығының бір-бірінен жедел қол үзіп кетуі мүмкін емес. Сол себепті, кез-келген шығармашылық иесі өзі өмір сүріп отырған ортадағы өзіне дейінгі рухани қазынаға назар аударады, содан сусындайды, мейлі ол ауызша, мейлі жазбаша болсын, қажет уақытында дамытып пайдаланады.

«Оғыз-наме» – кітаби эпос ескерткішін одан бұрын және кейін туған әдеби мұралармен жан-жақты салыстырылады. Сол арқылы белгілі бір сюжет, мотивтердің қалыптасу жолдарын, көркемдік дәстүр сабақтастығының фольклорлық сипаты айқындалады. Көне мұраларды қарастыру барысында түркі халықтарының салт-дәстүріне, әдет-ғұрыптарына, әдеби бейнелердің тарихи негіздеріне, жалпы заңдылықтарына талдау жасалады.

«Оғыз-наме» кітаби эпосының рухани дүниемізден алар орны, түркі тілдерінің туысқандық байланысын танытатын бірден-бір фольклорлық мұра екендігі айқындалып, ондағы кісі есімдері мен жер-су аттары, тарихи оқиғалар мен фактілер фольклорлық заңдылықтарға түскен.

«Оғыз-намеде» қолданылған фольклорлық айшықтау мен ажарлаудың этностардың таным тарихымен байланыста сараланды. Түркі халықтары мен әлем елдеріне таралған көшпелі сюжеттер мен сарындар, эпостық дәстүр де басты назарда болып, ұлттық фольклорымыздың үлгілерімен салыстырыла зерттеледі.

**Түйін сөздер:** кітаби эпос, фольклорлық сипат, тарихи тұтастану, ғұмырнамалық тұтастану, шежірелік тұтастану.

**Кіріспе.** «Оғыз-наме» кітаби эпосының фольклорлық мәнін анықтау – қазіргі фольклортану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Себебі, бұған дейін әр түрлі аспектіде қарастырылып келген бұл рухани мұрамыздағы тарихи есімдер мен тарихи оқиғалар жайлы пікірлердің бір арнаға тоғыспауы мәселеге басқаша зерттеу мүддесінен келуді қажет етеді. Ол: фольклорлық таным мен заңдылықтардың осы ескерткіштегі сипатын саралау. Осы негізде жүргізілген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, «Оғыз-намедегі» рулық-тайпалық дәуір елестерінен Оғыз мемлекетінің өмір сүрген кезеңдеріндегі түрлі оқиғалар тоғысының сипаттарын тануға болады. Мұның өзі фольклорлық көпқабаттылық, тұтастану заңдылықтары арқылы талдауға тиісті мәселелердің мәнін танытады. Себебі: бұл рухани қазынамыздағы шын тарих қайсы, фольклорлық тарих қайсы деген мәселе: ең көкейкесті мәселе. Біз бұған дейінгі зерттеулердегі халқымыздың тарихын неғұрлым тереңдету мақсатындағы Оғыз образынан нақтылы тарихи тұлғаны іздеу, көне түркілік

тарихтың оң сипаттарын ғана алға шығаруды көздеген пікірлерге мән бере отырып жаңаша саралауды мақсат етеміз.

Ежелгі түркі ескерткіштерін зерттеп, саралау барысында қазақ әдебиеті мен мәдениетінің қымбат қазыналары ежелгі түркі дәуірлерінің өзінде қазіргі қазақ халқының парасат пайымын қалыптастырып, рухани түп-тегін танытатын құнды да өлмес мұралар жасағандығына көз жеткіземіз.

Адамзат дәуірінің асыл мұрасы – «Оғыз-наме» ескерткішін белгілі бір кезеңнің соңында ғана саралау дәуірлерден жалғасып жатқан рухани ілгерілеуді, рухани жалғастықты жете ұғынбағандық болары анық. Қандай да бір әдеби, тарихи мұраның дүниеге келуін кездейсоқ құбылыс нәтижесі деп білу қателікке ұрындырмай қоймасы анық. Әлемдегі барлық құбылыс атаулының өзіндік эволюциялық даму заңдылығы бар.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Тарихи тұтастану. Ең алдымен: «Оғыз» ұғымының өзіне келсек, бұл жеке этноним ру, тайпа, мемлекет атауы секілді түрлі тарихи даму кезеңдерін басынан кешіргені байқалады. Мәдени мұраларымызға тереңдей талдау жасау мүмкіндігіне ие болған бүгінгі күні мемлекеттік сананың қалыптасуындағы этникалық үрдістің рөліне мән беру ісі кеңінен қанат жайып отыр.

«Оғыз» атауын иеленген елдің өзі іштей бірігу бөліну, қайта бірігу, өзге түркі тектес жұрттармен тоғысу секілді тарихи жолдардан өткен. Ал «Оғыз-наме» эпосында бұл құбылыстардың бәрінің де ізі сақталған. Ескерткіште әрқайсы әр түрлі кезеңді қамтитын Оғыз тарихындағы бұл өзгерістер тарихи тұтастану арқылы бір кезеңнің уақиғасы іспетті суреттелген. Онда да фольклорлық сана тұрғысынан оғыздардың бірігу идеясын алғы кезекке шығарған. Себебі: фольклорлық мұрат – елдің тұтастығы мен бірлігін аңсаудан тұрады. Тарихи тұтастану заңдылығын қазақ фольклортану ғылымында егжей-тегжейлі қарастырған С.А. Қасқабасовтың төмендегі тұжырымдары кітаби эпос табиғатын түсінуге көмектеседі:

«Тарихи тұтастануды зерттегенде тағы бір көңіл бөлетін нәрсе фольклор мен тарих мәселесі. Бір жағынан, тарихи тұтастанудың өзі фольклордың тарихпен тығыз байланысты екенін білдірсе, екінші жағынан, фольклор тарихқа еркін қарайтынын, тіпті фольклор ешбір тарихи фактіні дәлме-дәл бейнелемейтінін, өмірдегі оқиғаны нақ сол қалпында суреттемей, өзгертіп, жинақтап, топтастырып, тіпті әр дәуір оқиғаларын араластырып баяндайтынын көрсетеді. Себебі, тарихи тұтастану дегеніміздің өзі–әр дәуірдің оқиғаларын, адамдарын, олардың қимыл-әрекетін кейінгі заманға әкеліп, кейінгі дәуір қайраткерлеріне телу, топтау» [1, 55], – дейді С.Қасқабасов.

Сондай-ақ, соңғы жылдары эпос пен этнос арақатынасын тереңдей ғылыми тұрғыдан тексеріп жүрген ғалым Т. Қоңыратбайдың «Этнос теориясы тұрғысынан келгенде, оғыз дәуірі – этникалық кезең. Этногенез фазаларына сәйкес әрбір кезеңнің өзіндік ерекшеліктері болады» [2, 87], – дейді зерттеуші. Л. Н. Гумилев оларды серпіліс (толчок) – өрлеу (подъем) – гүлдену (расцвет) – құлдырау (упадок) деп төртке жіктеген болса [3, 113-120.], «Қорқыт ата кітабына» енген сюжеттерді оғыз елінің қалыптасу, өрлеу және құлдырау кезеңдерімен байланыстыруы осы этнологиялық анықтамаға сай келеді. Оғыз тайпасының жеке-дара халық ретінде қалыптаса алмауының себебін осы оқиғалардан іздеу керек. XI ғасырда ұлысты қыпшақ тайпалары жаулап, сол негізде кешегі «Оғыз даласы» деген атау «Қыпшақ даласы» (Дешті Қыпшақ) болып өзгерген еді. Оғыз заманынан саға тартатын қобыз культін қазақтар қыпшақтар арқылы қабылдаған-ды [4, 128], – дейінгі осы мәселе жөнінде пікір айтқан ғалымдар пікірін жинақтай отырып ғылыми тұжырымданған түйіндері де біздің бұл ойымызды бекіте түседі.

Оғыздардың – түркі қағандығына арқау болған тайпалардың бірі болғандығын белгілі түрктанушы Н. А. Аристов өзінің туындыларында жазған. Түркі тайпаларының көпшілігі бұрында Алтайды мекен еткенін, ежелгі түркі халқының аңыз, әңгімелерінде тайпалардың атаулары көбіне мекен еткен жерлерінің (тау, өзен, көл т.б) аттарына қатысты болып келетінін атап көрсетеді. Орхон жазуларындағы Білге қағанның өз халқына қарата айтылған үндеуінде оғыздар «тоғыз-оғыз» немесе «жай оғыз», – деп аталған. Бұдан



оғыз атауы түркілердің тек солтүстік жағындағы көршілерін ғана емес, одан да кең ұғымды білдіріп тұрғанын аңғару қиын емес. Мысалы, Күлтегін өлгенде батыстан түркеш хандығының елшісі ретінде «оғыздардың дана тамғашысы» [5, 22] келді делінеді. Бұл жағдайдан «оғыз» сөзінің ауқымы кең мәнде батыста да қолданылғанын байқауға болады. Оғыздар батыс түркі империясының құлауынан кейін орталық саналған Сырдарияның төменгі жағалауында қайтадан мемлекет құрды. Осы бір атақты саяси бірлестіктің әсем шежіресі ретінде ғасырлардан жеткен әдеби және тарихи маңызы зор мұралардың бірі – «Оғыз-наме».

Ал Түркі қағандығының құрамында тоғыз-оғыз тайпалақ одағының пайда болған кезі VII ғасырдың басы. Олар бұл кезде Орта Азияда өмір сүрді. Алғашқы Оғыз қағандарының ордасы Ыстықкөл жағалауында тігілсе керек. Түркі тайпаларының іштей бір-бірлерімен келісе алмай, үнемі шабуыл жорықтарға шығуына байланысты VIII ғасырдың орта тұсында Жетісудағы оғыздар Сырдарияның төменгі ағысына қарай қоныс аударуына тура келсе, IX ғасырда Ыстықкөл маңындағы оғыздарды қырғыздар ығыстырып, Шығыс Түркістанның Шынжанына көшіреді. Шынжаңда тоғыз-оғыздар көне ұйғыр тайпасымен араласады, нәтижесінде бұрынғы атын бірте-бірте жоғалтып, оның орнына ұйғыр этнонимін қабылдайды [6, 72], – дейді.

Қазақстанның Батыс өңірлері менен Оңтүстік тұсы оғыздардың саяси бірлестіктері қалыптасқан кезі IX-X ғасырлар. Олардың этникалық құрылымына Сырдарияның бойы менен Каспий далалары, Аралды мекен еткен байырғы этникалық тайпалар және Жетісу менен Сібірдің көшпенді топтары кіреді. VII-X ғасырларда түркі тайпаларының Халаджы деп аталатын бөлігі қазіргі Ауғанстан жерін мекендесе, Арал теңізі маңы мен қазіргі Орталық Қазақстан жеріндегі оғыздардың біразы Хорасан мен Систанға қоныс аударады. Оғыз тайпалық одағына кірген елдердің тілдері бірегей болмаған. Жергілікті иран тіліндегі тайпалар соңыра осы оғыздардың құрамына еніп, XI ғасырда түркі тілінің оғыз тобы деп аталатын тілі қалыптасты:

IX-XI ғасырларда оғыздар бір жағынан көшпелі тұрмыс құрып, бақташылықпен айналысса, біразы егіншілікпен күн кешіп, жартылай отырықшы, жартылай бақташылық тұрмыс тіршілік кешкен. Бұл талданып отырған ескерткіш мазмұнынан айқын көрінеді. Хан сарайында салтанат құрған Оғыз бен оның бектері аңшылық, саятшылықты да қатар ұстанған.

Оғыз елінің екі қанатқа жіктелуіне олардың наным-сенім жүйелері ықпал еткен, оғыздардың шығыстық қанаты XI ғасырларға дейін ислам дініне кірмей келген болса, батыстық қанаты оны ертеде қабылдаған.

Оғыздардың тарихтан із-түзсіз жоғалып кетпей, Оғыз ұлысының ыдырау дәуірінде жеке тармақтары қыпшақтардың арасында алғашқы этнонимдік атауларын сақтап қалғандығы белгілі болып отыр.

«Оғыз» атауының суперэтностық бірлестікке тән екендігін оның жағрафиялық шегінен де байқауға болады. С.П. Толстовтың көрсетуінше, оғыздар оңтүстік-шығыста – Тараз бен Шаш, оңтүстік-батыста – үстірт, солтүстікте-Сарысу, Шалқар, Ырғыз, Орал тауларына дейінгі аймақты мекендеген. Бұл ерекшелікті оның құрамындағы жеке этностар табиғатынан да аңғаруға болады. Мысалы, С. П. Толстов баят, баяндүр, қайы ұрпақтарының түп-тегін көне монғол тайпаларынан таратады. Баят – монғол тектес деген пікірді С. Ақынжанов та қолдаған. Л. Н. Гумилев пен С. Агаджанов болса, баяндүр – қимақ тайпасының бір тармағы деген пікір ұсынады. Ал Қ. Өмірәлиев оғыздардың он оқ буданға тәуелді болғанын айтады.

Яғни, бұл зерттеу нәтижелері «Оғыз-наме» ескерткішінде оғыздар туралы тарихта, Оғыз қаған жайлы деректердің зерттеліп отырған ескерткіште тарихи тұтастануға түскендігін көрсетеді, себебі, тұтастанудың осы типі – барша халықтың ауыз әдебиетіне, нақтырақ айтқанда, аңыз-әңгімелері мен эпостарына тән. «Ел әңгімесі, ел қиялы тарихтың пәлен жыл мен пәлен жыл арасындағы уақиға деп санайтын өлшеуінен бірде ілгері, бірде кейін кетіп отырады, тарихта дәл болып өткен мезгілді ел әңгімесінің кейде білмей шатастыратыны

да болады. Кейде әдейі біле тұра бір сүйген мезгіліне, не есінде ұмытылмастай болып нақ орнап қалған тарихи уақиғаның тұсына ертеде болған уақиғаны, кейінгі заманда болған уақиғаны да түгелімен алып келіп, бір жерге басын қосып, үйіп-төгіп қоятыны да болады» [7, 67], – дейді.

«Оғыз-наме» ескерткішіндегі Оғыз жұртының түрлі тарихы бір кезеңнің оқиғасы ретінде суреттеліп, бір ғана мақсатқа бағындырылған. Ол – Оғыз жұртының түрлі руларының ынтымақта, ортақ бір мақсат–мүдеде де өмір сүрген тұсын аңсау, соны үлгі ету. Ханы мен халқы біртұтастықта суреттелетін бұл мұрада қаһармандық эпостың әсері басым. Себебі, халықтың тарихы құжаттардағы, жазба түріндегі мәліметтер мен шежіре аңыздардағы мәліметтермен толық қабыспайтыны тарихтың нақ өзін емес, оның әділ бағасын алған бейнесін, яғни, сол кезеңнің басты мұратына сай іріктелген, жинақталған, тарихтың эпос табиғатына сай белгіленген бейнесін көреміз.

Өйткені, тарихта болған жайттар ауыз әдебиетінде типтендіріліп, жанрдың айрықша тұстарына бағындырылады, әрбір жанрдың бейнелеу мүмкіндіктеріне қарай икемделеді. Сол үшін де бұл жердегі орын алған оқиғалардың тарихқа байланыстылығы көп жағдайда жанамалы түрде. Эпостардағы орын алған оқиғалар өмірлік шындықтың елдік тұғыры (концепциясы), олардың төл тарихын қалай бағалағаны болып келеді. Және ол тек қана өткен өмірі ғана емес, келешекке жоспарлаған, армандаған ойлары да қатар беріліп отырады. Эпос тарихтың артынан бір елі қалмай еріп отыратын шығармалардың жинағы емес, керісінше сол тарихқа азды-көпті ықпал ете алатын халықтың «алдан күткен мұқтажы мен идеалының да көрінісі» [8, 149], – дейтін эпостанушы ғалым Ш. Ыбыраевтың «Оғыз-наме» кітаби эпосының табиғатын ашуға таяныш болып табылады. Өйткені, ол тікелей тарих көшірмесі емес, тарихи оқиғалардың, тарихи тұлғалардың фольклорлық заңдылық аясына түскен жаңғырығы.

**Талқылау мен бақылау.** Ғұмырнамалық тұтастану. Аталмыш мұраны жазба әдебиеті талабы тұрғысынан зерттеген ғалымдардың көпшілігі Оғыз қаған бейнесінің тарихи негізін анықтауға тырысып, оның прототипі болуы мүмкін деген түрлі тұжырымдар түйіндеген. Әрине, жоғарыда айтып өткеніміздей, тарихи тұлғалардың іс-әрекеті мен тарихи оқиғалардың желісі, сүрлеуі эпоста қалай бейнеленетіндігіне фольклорлық көзқарастың мүлде бөлектігі ескерілмегендіктен, осындай пікірлер орын алған. Алайда бұл жерде айта кететін нәрсе: ол тұста фольклортану ғылымының деңгейі бүтінгідей дәрежеде емес. Екіншіден ұлт жанашырлары қазақ тарихының тегін неғұрлым тереңдетуді көздегендіктен мақсатты түрде мұраларды тарихпен тығыз қабыстырған. Сондықтан бұл пікірлердің Оғыз қаған бейнесінің фольклорлық табиғатын танудағы тарихнамалық маңызы өте зор. Енді сол пікірлерге келейік.

Мысалы, белгілі ғалым әрі тарихшы Н. Я. Бичурин тарихи мысалдар келтіре келе: «Оғыз аты тарихымыздан белгілі, Тұманның тұңғыш ұлы Модэ». Ал, Модэ көпшілікке мәлім кісі. Ол билік үшін өз әкесін, өгей шешесін, інісін өлтіреді. Модэ біздің заманымыздан бұрынғы 209 жылы ғұндардың көсемі – Шаньюн мансабына ие болады. Ғұндар өз дәуірінде оңтүстік Қазақстан және Жетісу жерлерін мекен еткені белгілі. Модэның кезінде ғұндар құдіретті державаға айналады. Көп жерлерді жаулап алады. Хань империясы ғұндарға жыл сайын салық төлеп тұратын болады. Біздің заманымыздан бұрынғы 174 жылы Модэ қайтыс болады. Сөйтіп, Оғыз қаған – ғұндардың әміршісі Модэнің әдеби бейнесі» [9, 75], – деп болжам жасайды.

Ал, енді шығысты зерттеуші белгілі неміс ғалымы И. Маркварттың Оғыз туралы көзқарасы мүлдем басқаша. Ол Оғыз бейнесінен Шыңғысханның тұлғасын танып, Шыңғысхан мен Оғыз қағанның түркі халықтары тарихындағы рөлі өте маңызды болғанына мән береді.

Атақты орыстың қаламгері Г.Н. Потанин Оғыз қаған белгілі бір тарихи бейне емес, эпостық қаһарман деген пікір айта отырып, Оғыз қағанды Александр Македонский немесе қазақтың алғашқы хандарының бірі Жәнібек [10], – деген болжам арқылы өзіне-өзі кереғар келетін қайшылықты пікір ұстанады.

«Оғыз-наме» кітаби эпосының басты қаһарманы – Оғыз туралы Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежере-й-түрк» атты еңбегінде [11] Оғыз қағанның тууы мен өсіп ер жетуінен бастап, оның ел басшысы болып Самарқан, Бұқара, Хорасан арқылы Иран, Сирия, Египетке жасаған жойқын жорықтары, 116 жыл жасаған өмірінің соңында үлкен той жасап, екі әйелінен туған алты баласына жаулап алған жерлері мен есепсіз байлық-жиһаздарын мұра қылып үлестіріп бөліп бергені кеңінен баяндалады. Алайда ол қаған образының негізі жайлы айқын ой тұжырымдамайды.

Сондай-ақ, бұрынғы зерттеулерде Оғыз қаған образын Тұран патшасы – Афрасиап, Махмуд Қашқари еңбегіндегі Алып Ер Тоңғаға [12] және желмаяға мініп Жерұйық іздеген Асан қайғы бейнесіне ұқсатқан [13] пікірлер де бар. Сонымен қатар, кейбір зерттеушілер пікіріндегі фольклорлық тұжырымдар да көңіл аудартарлық. Мәселен, зерттеуші ғалым М. Жолдасбеков: «Оғыз қағанның ата-тегің, өмір жолың, күресін баяндайтын мифтік сюжеттегі ерлік жырға жатады» [13, 133], – деп ой түйіндейді.

Зерттеу барысы көрсеткендей «Оғыз-наме» кітаби эпосында Оғыз руларының бір адамнан таралғаны баяндалып, бір тайпа елдің басынан кешкен оқиғаларын бір адамның басына жинақтай суреттеу тәсілі нәтижесінде тарихи тұлғалар тарихын танытатын фольклорлық бейне жасалған. Бұл фольклорлық заңдылықта С.А. Қасқабасов дәлелдеп көрсеткендей «Басты қаһарманның бойына адам баласындағы ең ізгі қасиеттер жинақталған, соған қоса ел аңсаған, батыр жігіттің ісі мен мінезінен, қимыл-әрекетінен көргісі келетін небір асыл қасиеттер де танылған. Солайша, шынайы өмірден қарағанда ғажайыптарда, ойда армандаған мінез-құлық, іс-әрекет мен өмір салты фольклорлық туындыға, оның кейіпкеріне керемет бір жинақтық әрі тұлғалық сипат береді. Бұл жерде біріншіден, іс-әрекетті жинақтау, екінші жағынан уақытты жинақтау, үшіншіден, арманды жинақтау бар» [1, 9], – деп ой түйіндейді.

Енді «Оғыз-намедегі» осы заңдылықтарға келейік. Ең алдымен ескерткіштің бас кейіпкері Оғыз қағанның дүниеге келуі, өсіп-ер жетуі, ат жалын тартып азамат атануы, ел-жұртының қамқоры атануынан бастап хан болып Оғыз мемлекетінің билігін иеленуі мен мемлекет қауіпсіздігі үшін күресі, әскери жорықтар жасауы мен мемлекет билігін ұрпағына үлестіру оқиғаларында фольклорлық сипат басымдық орын алады.

Ең алдымен: Оғыз образын дәріптеуде фольклорлық көркем құрал ретінде ғұмырнамалық тұтастану басты рөл атқарады. Бұл 1) болашақ батырдың ерекше туылуын; 2) оның тез, ерекше өсіп-жетілуін, 3) алғашқы ерлігін, 4) үйленуін, 5) қаһармандық істерін, 6) қартайған шағын баяндайтын бөлшектерде көрініс тапқан.

В.М. Жирмунский әлем фольклордағы ерте жасынан батыр болу мотиві туралы: «... сказочная гиперболичность приведенных примеров ясно показывает, что широкое развитие этого мотива в мировой эпической литературе связано с общим принципом идеализации народного героя, исключительные воинские качества которого должны проявиться в такой необычной форме уже с самого раннего детства» [14, 322], – деп ой қорытады.

Мұндай ежелгі түркі халықтары туындыларында келешек батыр кейіпкердің өмірге келуінің өзі де өзгелерге мүлдем ұқсамайтын ерекше сипаты, оның сыртқы бейнесі, түрі, жасаған ерлігі, батылдығы өзгелерден ерекшеленіп тұратыны Оғыз қағанның ертерек есеу кезеңдерін бейнелейтін жерлерінде анық байқалып тұр.

«Көп жағдайда, батырлар жыры мен мен эпостарда ғажайып жағдайда туған кейіпкер тез ер жетіп, тым зерек, әрі тапқыр болып келеді. Қатарынан оза туғандығы мен асқан ақылдылығы бойынан бірден байқалып тұрады. Әдетте батырлар шығарманың басында бірден шайқасқа түсе жөнелмейді. Ол өз батылдығы мен зеректігін өзімен қатарлас, тең өскен құрбыларымен тай құлындай тебісіп жүрген шағында байқатады. Немесе ол жастық шағында қандай да бір алып құбыжықпен шайқасып немесе жыртқыш аңменен жекпе-жекке шығуында жеңіске жетуінен байқалып жатады.

Мысалға айтар болсақ, Оғыз жырларындағы, нақтырақ айтқанда, Қорқыт Ата эпосындағы асау бұқаны жеңетін Бұқашты, өз қатарын түгел жеңіп, төбесіне шығып

алатын Едігені, бір қарт кемпірдің баласын шекесінен шертіп, абайсызда өлтіріп алатын Қозыны, т.б. батырлар кейіпкерлерді айтсақ болады» [1, 230], – дейді.

«Оғыз-наме» эпосындағы Оғыздың о бастағы ерекшелігін айқындаған ерлікті жағдай, оның халқының ғұмырына қатерлі болған Мүйізтұмсықты жалғыз жеңуі. Ол малдан мал қоймай, адамнан адам қоймай жеп, жұрттың бейқам өмірінің мазасын қашырған Мүйізтұмсыққа қарсы алдымен қулық ойлап, жекпе-жекке шығатын жағдай тудырады да, елдің құтын қашырған Мүйізтұмсықты асқан абыроймен жеңіп, түбіне жетеді. Осы бір жәйт біздің ертегілеріміздегі елден адам салығын алатын жалмауыз айдаһармен сүйікті қызы үшін күреске шыққан батыр жігіттің ерлік істерін еске түсіреді.

«Оғыз-намеде» мифологиялық жыртықш аң Қат былайша сипатталады: «Оғыз қаған күндерден соң, түндерден соң жігіт болды. Бұл заманда бұл жерде бір үлкен орман бар еді, көп теңіздер, көп өзендер бар еді. Мұнда жүгірген аң көп-көп еді, мұнда ұшқан құс көп-көп еді. Осы орман ішінде үлкен бір Қат бар еді. Малдарды, ел-жұртты жеп қоймаушы еді. Өзі үлкен еді, өзі үрейлі бір аң еді. Зор айбатпен ел-жұрттың жүрегін шайлықтырып еді. Оғыз қаған бір ер жүрек кісі еді. Ол бұл Қатты аулауға ой қылды» [15, 203], – дейтін жолдарда Оғыздың алғашқы ерлігін жасауға түрткі болған жай баяндалады. Яғни, болашақ ерлік істің мотивировкасы.

Ал «Күндерде бір күн Оғыз қаған аңға шықты. Найза, жай, оқ, тағы қалқан алып аттанды. Сол орманға барды. Барып бір бұғы ұстап алды. Сол бұғыны талдың шыбығымен ағашқа байлады. Өзі қайтып кетті. Бұдан соң ертеңіне таңертең қайта келді. Келіп көрді. Қат бұғыны алған екен және де бір аюды ұстап алды. Сол аюды алтын белбеумен ағашқа байлады. Өзі қайтып кетті. Бұдан соң ертеңіне таң ерте қайта келді. Келіп көрді. Қат аюды алған екен», – дейтін жолдар жыртықш пен күрес алдындағы дайындық, яғни ерлік ойындары іспетті.

«Оғыз тағы да осы ағаштың түбіне келіп тұрды. Қат келіп басымен Оғыздың қалқанын соқты. Оғыз найзамен Қаттың басына соқты, оны өлтірді. Қылышпен басын кесті. Кесіп алып кетті. Тағы да келіп көрді. Көрсек бір сұңқар Қаттың ішек-бауырын жеп отыр екен. Оғыз жаймен, оқпен сұңқарды өлтірді. Қылышпен басын кесті». «Сұңқардың белгісі мынадай». Бұдан соң Оғыз айтты:

Бұғы жеді,  
Аю жеді, –  
Найзамен өлтірді,  
Темір болған соң;  
Қатты сұңқар жеді, –  
Жаймен оғым өлтірді,

Жел боп ұшқан соң [15, 204], – дейді. Яғни, адамға қастандық жасайтын жыртықш аңдармен күрестегі Оғыздың алғашқы ерлік істерін суреттеудің фольклорлық сипаты басым. Бұл «Құдайдан тілеп алған, я болмаса тылсымнан пайда болған баланың елден ерекше болатыны бірден анық байқалады және ол солай болады да: ол бала жасында-ақ тұңғыш ерлігін көрсетеді – шіреніп атқан жебесі қара тасты қақ бөледі. Бұл ерлік – ғұмырнамалық тұтастанудың алғашқы бір бөлшегі» [1, 30], – дейтін заңдылықтармен үндес.

Батырдың осындай сыртқы түр-тұлғасы мен ерлік іс-әрекеттерін жалғастыра еселеп, өрбіте баяндауды «Қорқыт ата» кітабынан да кездестіреміз. Айталық, сондағы «Бамсы Бәйрек, Бай-Бөріұлы» туралы жырда батырдың жастық шағын: «Сол кезде Бай-Бөрі баласы бес жасқа толды. Бес жастан соң онға келді, оннан кейін он бес жасты толтырды», – деп суреттеледі.

Қырғыз халқының атақты «Манас» эпосының бір нұсқасында батырдың шешесі түсінде жаратушы иесінің қолынан алма жеп, Манасқа жүкті болады. Ә. Марғұлан: «Бұл дала эпосында өте сирек кездесетін бейне. Тегінде алмаға жеріту – Манас шыққан ортаның жемісі көп оңтүстік алқаптар – Талас, Ферғана, Қашқармен тығыз байланысты болғанын белгілеп, оның Қарахан дәуіріндегі мәдени тұрмысты еске түсіретіндігін көрсетеді» [16, 101],

– деп тұжырымдайды. Негізінен сиқырлы алма жеу мотиві бүкіл дүниежүзі халықтарының фольклорында кейіпкердің ерекше жағдайда тууына орай пайдаланылады.

«Манас» жырында бас қаһарманның Манастың дүниеге келуіне қатысты оқиғаларынан бастап, соңғы сәтіндейінгі өмірі суреттеледі. Оның ішінде кейіпкердің жорықтарын кеңінен суреттеуге зор мән беріледі. Әрине, эпостағы мұндай күрделі сюжеттік құрылымның аз ғана уақыт ішінде құрыла қалмағаны анық. «Манас» эпопеясы ұзақ даму процесінің нәтижесінде осындай көлемді жырға айналған. Ол іштей эпос қаһармандарының өмірбаянына тән дәстүрлі мотивтермен толықтырылып, кеңейтіліп отырған. Сол мотивтердің бірі – кейіпкердің ғажайып тууы.

«Оғыз-наме» кітаби эпос ескерткішінде де ғажайып туу сарыны кездеседі. Солардың бірі – «Оғыз қағанның тууы мен балалық шағы баяны» атты тарау. Кейіпкердің ғажайып туу мотивінің бір түрі – болашақ кейіпкердің күннің нұрынан пайда болуы. Бұл мотив бүкіл жер жүзі халықтарының ауызекі шығармаларында бар. Бұл мотивтің түркі-монғол халықтарының фольклорында пайда болу себептерде, оған әсер еткен, діни-наным сенімдер де анықталған. Кейіпкердің күн нұрынан туу мотивінің пайда болуына ерте замандағы шаман дінінің мол әсері болған. Шаман дінінің ең негізгі ұстанымдары күнге, айға, көк аспанға табыну болып табылады. Кейіннен Құдайдың есімі болып табылатын – «Көк Тәңірі» деген сөз пайда болған [17], – дейді.

Ал бірақ жаңа туған баланың мінезі, әрекеті бөлекше: батырлық ертегідегі, эпостағы геройлардың өсу процесіндегі «шапшаңдыққа», «өсуге асығуға» ұқсас белгілер бар («Алпамыс»). Оғыз «анасының уызын ғана ішіп», одан әрі ембейді. Тілі келе бастады. «Шикі ет, ас, шарап сұрады». Эпостар мен батырлық ертегілерде бар жас баланың тамақ ішу суреті, осы әрекеттің өзі мұнда жоқ. Ал «Манаста» жаңа туған баланы ауыздандыру үшін аузына тамақ сала бергенде «өзегін үзе бір сорған кезде шешесі өле жаздап қалады». Одан кейін саңдықтан «үш қарын май» алып келіп аузына «үш қайтара салғанда» «үш сағатқа қоймай жалмап жұтып» қояды. «Маадай Қара» эпосында «эне-дин чыққан эт – йылаңаш зки йашту уул бала» «тоқсан шауқар маралды тоғыз күнде жеп» қояды.

Батырлық ертегілерде, эпоста жас баланың әуелі әкесінің «тоқсан тоғай жылқысын» күтуі («Қобыланды»), аңға шығып, аң аулауы, әкесінің жылқысына келуі («Бамсы Бейрек»), жылқышылар басшысының баулуында болуы («Қобыланды») не жылқышылар бастығының күтіп алуы – («Бамсы Бейрек») дәстүрлі мотив [15, 63], ал «Оғыз-намеде» де жас бала әуелі «жылқыларды күтеді», «атқа мініп бақташы болып жүреді», – дейді.

Батырлық ертегіде, эпостық жырда жылқы (не қой) күтіскен бала әлдеқандай кенет, төтен оқиғаға кездеседі де жырда (я батырлық ертегіде) жас баланың алғашқы әрекеті баяндалып кетеді. «Бамсы Бейректе» Бейрек жылқышылармен отырғанда, гәуірге таланған саудагер керуені үстеріне келеді, гәуірге кеткен малдарын қайырып алуға көмек сұрайды. Жігіт керуенге ілесіп барып, гәуірлерді қырып, малын қайырып әпереді. Ал «Манаста» тоғыз жасар Манасты әкесі қойға жібереді, қозыға бөрі тиеді, қойшылар қорқып қашқанда, бөріден қозыны тоғыз жасар Манас айырып алады, тағы бір жолы әкесінің жылқышыларын қалмақтар сабап жатқанда кезігіп қалған Манас оларды жайратып салады. Бала ерлігі суреттеледі. «Маадай Қарада» бесіктен белі жаңа шыққан бала (Көгудей Мерген) әкесінің жауы жеуге жіберген жеті бөріні өлтіреді.

Батырлық ертегілер мен батырлық эпоста болатын осы сюжет, яғни жас кейіпкердің өзін таныту үшін жасайтын ерлігі, күшін сынауы немесе кек алуы «Оғыз-намеде» батырлық эпосқа тән сипатта берілген. Ол малды, адамды жеп, елге үрей әкелген Қат деген бір дәу аңды өлтіруге аттануынан бастап орманға барып, бұғыны ұстап байлап, оны жеген Қаттың ізін аңдуы, ақыры бетпе-бет алысып жеңуі және сұңқарды соғып алуы сияқты істердегі ептігі, күш-қайраты, батырлығы арқылы сипатталады.

Бұл оқиға батырлық ертегіге тән оқиға. Бала батырдың алғашқы күш сынауы өзі әлі дүниеге келмеген кезінде, я бесікте жатқан кезінде ата-анасына, ел-жұртқа зорлық жасаған бөтен бір зұлым ханға т.б. қарсы аттануда көрінбей, осылай тұз тағысы жыртықш аңға қарсы аттанып, оны жеңу (жалпы табиғаттың дүлей күшіне қарсы, тылсым күштерге

қарсы күресу) бақташылық тұрмыстың мүддесінен туған батырлық ертегілерге тән нәрсе [15, 64], – дейді.

«Оғыз-намедегі» осы – өте көне сюжет. «Оғыз-наменің» желісі жасалғанға дейін ежелгі түркілер арасында айтылып жүрген бақташылық тұрмысқа тән мифтерде не батырлық ертегілердегі аңшы-мерген жайлы әңгімелердің арқауы болуы әбден ықтимал.

**Нәтижелер.** Шежірелік тұтастану. Эпостағы шежірелік тұтастану элементтерінің көркемдік рөлі, негізінен, батырлық, ерлік пен ғашықтық эпостарда кейде қаһармандық ертегіде де ұшырасатындығы мәлім. Бұл жөнінде: «Тегінде, шежірелік тұтастану екі мақсаттан пайда болатын тәрізді. Бірі – батырды дәріптеу болса, екіншісі – ұрпақтардың, ата мен баланың, аға мен інінің ынтымақта болуын ардақтау, туыстық қарым-қатынастың үзілмей, тығыз байланысты болуын көксеу» [1, 35], – дейді С.А. Қасқабасов.

«Оғыз-наме» эпосындағы фольклорлық сипат шығарманың соңына дейін сақталатындығына да Оғыздың өз ұрпағына мұра қалдыру мотивінің түске негізделуі мысал бола алады. Ескерткіштегі ата мен оның әр түрлі аналардан туған балалары арасындағы татулық, ауызбіршілік идеясының алғы кезекке шығуы – эпос табиғатының негізгі өзегі. Тарихи шындыққа келсек, мемлекеттік деңгейдегі билік иесі ұрпақтарының арасында билік үшін алауыздықтар орын алу фактілері жиі болып тұрған. Бұл Оғыз мемлекеттігі тұсына да тән.

Орта ғасыр шежірелерінде Оғыз ханның өз әкесі Қара ханмен жауласуын оғыз елінің ыдырауына себеп болған фактілердің бірі ретінде қарастырады [2,63] – зерттеуші Т. Қоңыратбай.

Алайда, біз зерттеу нысанасы етіп отырған эпос үшін ұрпақ жалғастығы, өзара татулық пен бірлік маңызды. Осы елдік мұратты көрсету үшін фольклорлық түс көру мотивін көркемдік әдіс ретінде алған.

Ұлық Түріктің түс көруі, түсінде «алтын жай», «үш күміс оқ» көруі, осы алтын жай мен үш күміс оқты Оғыздың балаларының «талай мекен жайды» өздеріне қаратып аларына жоруы арқылы көрініс тапқан. Осы болашақ билікке бұл екі шешеден туған алты ұлдың қай шешеден туғандары ие болары мұрагерлік дәстүрінде ең өзекті мәселе. Кімге не енші бөлу керектігі сол түсте көрген алтын жай мен үш күміс оқты қайсыларының табуына байланысты. Алайда ол фольклорлық таным-түсінікке сәйкес, қай баласының қандай оқ табатыны, оған қандай мұра үлес бұйырылатыны «алдын-ала» түспен болжанып қойылған. Ол «боз оқ» ұғымдары арқылы беріледі.

«Түсте көрген «алтын жай «күн шығыстан күн батысқа дейін» тиіп тұр да, ал «үш күміс оқ» түн тарапқа (терістікке) кетіп бара жатады». Оғыз қаған Күн, Ай, Жұлдыз деген үш үлкен баласын алтын жай бар «таң атар жаққа» аң аулауға жұмсайды, ал Көк, Тау, Теңіз деген үш кіші баласын үш күміс оқ кеткен түн тарапқа аң аулауға жұмсайды. Үлкен үш баласы киік, құс аулап, «жолда бір алтын жай» тауып алады; үш кіші баласы киік, құс аулап, «жолда үш күміс оқ» тауып алады. Ұйғарылып қойғандай шешіледі. Тапқан олжаларын аталарына әкеліп береді. Осы жай мен оқты тауып әкелумен балалар өздерінің мұрагер ретінде енші бөлісу құқықтырының қатысын көрсетеді [2, 63], – дейді.

Үш үлкен баласы тауып әкелген алтын жайды Оғыз қаған үш бөліп үш үлкен баласына бөліп берді. Оларға:

«Жай болсын сендерге ей ағалар!

Жай оқтарды көкке атыңдар!» – деп айтты.

Үш кіші баласы тауып әкелген үш күміс оқты Оғыз қаған үш кіші баласына үлестірді.

Оларға:

«Ай, інілер!

Оқтар болсын сендерге!

Жай атты оқты –

Оқтардай бол сендер де!» [15, 213], – деп айтты.

Осы сөзбен үш үлкен баласына не нәрсе мұраға тиерін, үш кіші баласына не нәрсе мұраға тиерін сездірді.

Оқиға желісі негізгі кейіпкер Оғыз қағанның өзінің төңірегіне құрылғандықтан оның балалары белсенді әрекетімен көрінбейді. Мұның өзіндік себептері бар: біріншіден, шежіре атаулы (эпостық жыр да) өз объектісі етіп үнемі дара кісілерді – батырды, қағанды алады, өз сюжет желісін осы дара кісілердің әрекетіне құрады. Оларды қартайтып барып, «мұрат–мақсатына жеткізіп» барып аяқталады. Бұл «мұрат-мақсатына» жетудің бірден-бір кепілі – балалары болуы, солардың атқа қонып, ел шетін қоритын батыр болуы не өз орнына біріне қаған қойып, біріне жеке жұрт бөліп беріп, бөлек қоюы т.с.с. түрінде істердің орындалуы [15, 80], – деп көрсетеді.

Демек, Оғыздың алты ұлы жайлы сюжет, олардың әрекеті – Оғыз қаған жайлы аңыз-әңгіменің аяқталу бөлімі Оғыз қағанды мұратына жеткізу, алты мұрагерге енші үлесін беру мотиві негізінен келіп туған.

Ай, ұлдарым, көп мен астым,

Ұрыстарды көп мен көрдім.

Найза сілтеп, көп оқ аттым.

Айғыр мініп көп жорыттым.

Дұшпандарды жылаттым,

Достарымды күлдірдім.

Көк Тәңіріге мен өтеуім,

Сендерге жұртымды беремін! – деп айтты.

**Қорытынды.** Ежелгі түркі ескерткіштерін зерттеп, саралау барысында қазақ әдебиеті мен мәдениетінің қымбат қазыналары ежелгі түркі дәуірлерінің өзінде қазіргі қазақ халқының парасат пайымын қалыптастырып, рухани түп-тегін танытатын құнды да өлмес мұралар жасағандығына көз жеткіземіз.

Адамзат мәдениетіндегі асыл қазына – «Оғыз-наме» ескерткішін белгілі бір дәуірдің аясында ғана қарастыру замандар бойы сабақтасып келе жатқан мәдени дамуды, рухани байланыстарды жете түсінбегендік болар еді. Кез келген тарихи, әдеби мұраның дүниеге келуін кездейсоқ құбылыс нәтижесі деп білу қателікке ұрындырмай қоймасы анық. Әлемдегі барлық құбылыс атаулының өзіндік эволюциялық даму заңдылығы бар.

«Оғыз-наме» кітаби эпосы мыңдаған дәуірлерден жалғасын тапқан оқиғалар жалғасының аңыздық, мифтік, шежірелік жырларда орын алуы, олардың біріге шоғырлануы арқылы қаламгер өзі куә болған ғасырлар шындығын болған оқиға желісін жоғалтпай отырып, басты кейіпкердің айналасына топтастыруы нәтижесінде өмірге келген. Бүгінде сақталған жазбалардың қай-қайсысын алып ақтарып қарасақ, бәрінде де кездестіретін ең басты ой – ынтымақ пен береке. Әлбетте, адамгершілік, сыйластық дегендей жақсы қасиеттер болған жерде елдің ынтымағы мен татулығы зор болады. Түркі халықтарының алғашқы мемлекеттік жүйесі, хан мен халық бірлігінің тегеуріні, ішкі ыдырау және бөлінудің зардабы біз зерттеу өзегі етіп отырған «Оғыз-наме» кітаби эпосының мазмұндық идеясын құраған.

«Оғыз-наме» ескерткішінің тұсында жүздеген фольклорлық мотив-сарындар мен кітаби эпостың дәстүріне тән белгілердің бары анықталды. «Оғыз-наме» кітаби ескерткішінің фольклорлық сипаты, бас кейіпкер Оғыз қаған бейнесінің басқа эпикалық кейіпкерлерден өзгешелігі сараланды. Тарихта орын алған уақиғада адам аттарына қатысты шежірелік тұтастану, тарихи бірігу белгілері анықталды. «Оғыз-намеде» фольклорлық көркемдік жинақтау маңызды рөл атқарған. Ол жайт оғыз халқының тарихын біріктіру, елді тұтастандыруға тырысқан батыр, хан образын жасау арқылы көрініс тапқан.

«Оғыз-намеде» қолданылған фольклорлық айшықтау мен ажарлаудың этностардың таным тарихымен байланыста сараладық. Түркі халықтары мен әлем елдеріне таралған көшпелі сюжеттер мен сарындар, эпостық дәстүр де басты назарда болып, ұлттық фольклорымыздың үлгілерімен салыстырыла зерттелді.

«Оғыз-намені» қағазға түсірген сөз зергері өзіне дейінгі жасалған халық мұрасының қазынасы өз қажетіне жаратып отырған. Сондай-ақ, жазба мұралардың дәстүріне, бейнелеу тәсілдеріне арқа сүйеген. Фольклорлық поэтиканың жазба дәстүрмен шебер

үйлесімі арқылы, жырдың көркемдік сипатын арттыруға күш салған. Алғаш рет кітаби эпоста қолданылған көркемдік бейнелеу құралдарына жан-жақты талдау жүргізіліп, көне түркілік кітаби дәстүр ерекшеліктері мен фольклорлық поэтика үйлесімі ашылды.

«Оғыз-наме» кітаби эпосының рухани дүниемізден алар орны, түркі тілдерінің туысқандық байланысын танытатын бірден-бір фольклорлық мұра екендігі айқындалып, ондағы кісі есімдері мен жер-су аттары, тарихи оқиғалар мен фактілер фольклорлық заңдылықтарға түскен.

Түркі халқының исламға дейінгі дәуірдегі эпос жанрындағы үлкен мәдени мұрасы – «Оғыз-наменің» түпнұсқасы біздің уақытымызға дейін сақталмаған. Оғыз қаған – түркі халықтарының аты аңызға айналып кеткен батыры, қолбасшысы. Бізге мәлім мұралардың бәрінде де Оғыздың өмірі мен әскери жорықтары, халық игілігі үшін сіңірген еңбектері мен қоғам қайраткері ретіндегі істері мадақталды.

### Әдебиеттер

1. Қазақ фольклорының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 2007. – 155 б.
2. Қоңыратбаев Т. Эпос және этнос. – Алматы: Ғылым, 2000. – 187 б.
3. Гумилев Л.Н. Этносфера. История людей и история природы. – М.: Экспресс, 1993. – 120 б.
4. Қоңыратбаев Ә. Қорқыт ата кітабы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 128 б.
5. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және Орта ғасырдағы Қазақстан. – Алматы: Ғылым, 1994. – 265 б.
6. Өмірәлиев Қ. VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. – Алматы: Ғылым, 1985. – 316 б.
7. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Қызылорда: Ташкент, 1927. – 235 б.
8. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1991. – 296 б.
9. Бичурин Н.Я. Средняя Азия и Восточный Туркестан. – Алматы: Санат, 1997. – 352 с.
10. Потанин Г.Н. Очерки северо-западной Монголии. – СПб, 1983. Вып.4 – 761 с.
11. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 б.
12. Қашқари М. Диуани лұғат-ит түрік. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 492 б.
13. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 328 б.
14. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Ленинград: Наука, 1974. – 727 с.
15. Өмірәлиев Қ. «Оғыз қаған» эпосының тілі. – Алматы: Ғылым, 1988. – 280 б.
16. Saken S., Sarbassov B., Ismakova A., Piralı G7, İbraemova J. Mythological aspects of the Kyrgyz ethnographic way of life in the historical epos «Manas». DR. LOSE VICENTE VILLALOBOS ANTUNEZ Editor – Chief/Journal OPCION JVVA/dlms.- ISSN 1012-1587 /Legal Deposit pp198402ZU45; ISSN 2477-9385
17. Сарбасов Б.С. Түркі ескерткіштеріндегі ғажайып туу мотиві. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы. № 3 (161) – Алматы, 2016

### Р. Г. ТУЛЕУОВА, С. Б. САРБАСОВ

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

### ФОЛЬКЛОРНЫЙ ХАРАКТЕР КНИЖНОГО ЭПОСА «ОГУЗ-НАМЕ»

**Аннотация.** В древности на нашей родной почве создавалось и сохранялось немало наследия. Бесспорно, что такие произведения в некоторой степени систематизированы, изучены, являются ценным наследием, которое еще предстоит изучить.

Не вызывает удивления тот факт, что в описательных приемах какого-либо из старинных произведений отражена традиция эпоса. Письменная литература и народное творчество не могут мгновенно оторваться друг от друга. Поэтому любой творческий владелец обращает



внимание на духовное сокровище до себя в среде, в которой он живет, а затем развивает и использует его в нужное время, будь то устное или письменное.

«Огуз-наме» – книга всесторонне сравнивает памятник былины с литературным наследием, родившимся до и после него. Тем самым определяется определенный сюжет, пути формирования мотивов, фольклорный характер преемственности художественной традиции. При рассмотрении древнего наследия проводится анализ обычаев, обычаев тюркских народов, исторических основ литературных образов, общих закономерностей.

Было установлено, что книжная эпопея «Огуз-наме» занимает духовное место в мире, является единственным фольклорным наследием тюркских языков, отражающим родственные связи, в которых имена и географические названия, исторические события и факты вошли в фольклорные закономерности.

В «Огуз-наме» использованные фольклорные айшықтау и ажарлау были дифференцированы в связи с историей познания этносов. В центре внимания – кочевые сюжеты и мотивы, распространившиеся по тюркским народам и странам мира, эпические традиции, сопоставимые с образцами нашего национального фольклора.

**Ключевые слова:** книжный эпос, фольклорный характер, историческая идентичность, жизненная целостность, генеалогическая целостность.

G.R. TULEUOVA, S. B. SARBASOV

National University named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

#### THE FOLKLORE CHARACTER OF THE BOOK EPIC «OGUZ–NAME»

**Annotation.** In ancient times, a lot of heritage was created and preserved on our native soil. Undoubtedly, such works have been systematized to some extent, studied, and are a valuable legacy that has yet to be studied.

It is not surprising that the descriptive techniques of any of the ancient works reflect the tradition of the epic. Written literature and folk art cannot instantly break away from each other. Therefore, any creative owner pays attention to the spiritual treasure before himself in the environment in which he lives, and then develops and uses it at the right time, whether oral or written.

«Oguz-name» – the book comprehensively compares the epic monument with the literary heritage that was born before and after it. Thus, a certain plot, ways of forming motives, and the folklore character of the continuity of the artistic tradition are determined. When considering the ancient heritage, the analysis of customs, customs of the Turkic peoples, historical foundations of literary images, and general patterns is carried out.

It was established that the book epic «Oguz-name» occupies a spiritual place in the world, is the only folklore heritage of the Turkic languages, reflecting kinship ties in which names and geographical names, historical events and facts entered into folklore patterns.

In Oguz-nam, the folklore aishyktau and azharlau used were differentiated in connection with the history of knowledge of ethnic groups. The focus is on nomadic plots and motifs that have spread throughout the Turkic peoples and countries of the world, epic traditions comparable to samples of our national folklore.

**Keywords:** book epic, folklore character, historical identity, vital integrity, genealogical integrity.

#### References

1. Poetics of Kazakh folklore. –Almaty: Science, 2007. – 155 p.
2. Konyratbayev T. Epic and Ethnos. – Almaty: Science, 2000. – 187 p.
3. Gumilyov L. N. Ethnosphere. History of the people and history of the people. –M.: Ecopros, 1993. – 120 p.
4. Konyratbayev A. Korkyt's book. – Almaty: Writer, 1986. – 128 p.
5. Zholdasbayuly S. Kazakhstan in the ancient and Middle Ages. – Almaty: Science, 1994. – 265 p.

6. Omiraliyev K. Ancient Turkic literary monuments of the VIII-XII centuries. –Almaty: Science, 1985. – 316 p.
7. Auezov M. History of literature. – Kyzylorda: Tashkent, 1927. – 235 p.
8. Ibraev Sh. The world of epic. Poetics of Kazakh heroic songs. – Almaty: Science, 1991. – 296 p.
9. Bichurin N. Ya. Middle Asia and Eastern Turkestan. - Almaty: Category, 1997. – 352 p.
10. Potanin G. N. Essays of the north-western Mongolia. –SPB, (4). 1983. – 761 p.
11. Abilgazy. Turkish Chronicles. – Almaty: native language, 1991. – 208 p.
12. Kashkari M. Diuani lugat-dog Turk. – Almaty: native language, 1993. – 492 p.
13. Zholdasbekov M. Asyl channels. – Almaty: writer, 1986. – 328 p.
14. Zhirmunsky V. M. Tyurksky heroic epic. – Leningrad: Nauka, 1974. – 727 p.
15. Omiraliyev K. language of the epic «Oguz Kagan». – Almaty: Science, 1988. – 280 p.
16. Saken S., Sarbasov B., Ismakova A., Pirali G7, Ibraemova J. Mythological aspects of the Kyrgyzs ethnographic way of lite in the historical epos «Manas». DR. LOSE VICENTE VILLALOBOS ANTUNEZ Editor – Chief/Journal OPCION JVVA/dlms.- ISSN 1012-1587 /Legal Deposit pp198402ZU45; ISSNе 2477-9385
17. Sarbasov B.S. The motive of miraculous birth in Turkic monuments. Al-Farabi KazakhNational University Bulletin. Series «Philological sciences». № 3 (161) – Almaty, 2016

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Тулеуова Гүлмира Рустемовна** – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

**Тулеуова Гүлмира Рустемовна** – докторант Казахского национального университета имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

**Tuleuova Gulmira Rustemovna** – Doctoral student, National University named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan.

**Сарбасов Болатхан Серғазыұлы** – филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессор, Алматы, Қазақстан.

**Сарбасов Болатхан Сергазиевич** – кандидат филологических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

**Sarbasov Bolatkhan Sergazievich** – Candidate of Philological Sciences, Professor, Kazakh National University named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan.